

## Бизнес-клиентпен жасалатын банктік шот шартының үлгі нысаны/ Типовая форма Договора банковского счета с бизнес-клиентом

Бизнес-клиенттермен жасалатын банктік шот шартының осы үлгі нысаны (бұдан кейін мәтін бойынша – Шарт) «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың (бұдан кейін мәтін бойынша – Банк) филиалдары мен олардың құрылымдық бөлімшелері, Банктің интернет ресурсы, банктің қашықтан қызмет көрсету арналары, Egov электрондық үкімет порталы, Банк серіктестерінің порталы арқылы бизнес-клиенттердің ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу операцияларын жүзеге асыру талаптарын және тәртібін белгілейді.

Осы Шарттың мәтіні бойынша Банкпен Бизнес-клиентпен жасалатын банктік шот шартын жасасқан заңды тұлға және оның оқшауланған бөлімшелері (филиалдар мен өкілдіктер), шаруа (фермерлік) қожалығы, таратылған банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, олардың филиалдары, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктер, жеке кәсіпкер, жеке нотариус, адвокат, кәсіби медиатор Бизнес-клиент (Клиент) болып табылады.

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Осы Шарттың талаптары стандартты нысанда белгіленген және Клиент тарапынан тек осы Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан кейін мәтін бойынша – Өтініш) қол қою арқылы қабылдануы мүмкін.

Клиент тарапынан осы Шартқа байланысты Өтінішке қол қою Клиенттің осы Шартқа жалпы қосылуын білдіреді.

1.2. Клиент қол қойған Өтініштің және осы Шарттың негізінде Банк Клиентке ағымдағы Шот (шоттарды) ашады (бұдан кейін мәтін бойынша мағынасына байланысты барлық немесе жеке Шот деп аталады) және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және оған сәйкес банктік тәжірибеде қолданылатын банктік ережелермен белгіленген Шот (шоттар) бойынша операцияларды орындайды.

Настоящей формой типового Договора банковского счета с бизнес-клиентом (далее по тексту-Договор) определяются условия и порядок осуществления АО «Банк ЦентрКредит» через филиалы и их структурные подразделения, через Интернет - ресурсы Банка, через дистанционные банковские каналы обслуживания, портал электронного правительства Egov, портал партнеров Банка (далее по тексту - Банк) операций по открытию, ведению и закрытию текущих счетов бизнес - клиенту.

Бизнес-клиентом (Клиентом) по тексту настоящего Договора является юридическое лицо и его обособленные подразделения (филиалы и представительства), крестьянские (фермерские) хозяйства, ликвидируемые банки, страховые (перестраховочные) организации, их филиалы, добровольные накопительные пенсионные фонды, иностранные дипломатические и консульские представительства, индивидуальный предприниматель, частный нотариус, частный судебный исполнитель, адвокат, профессиональный медиатор, заключивший с Банком Договор банковского счета с бизнес-клиентом.

### 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Условия настоящего Договора определены в стандартной форме и могут быть приняты Клиентом не иначе как путем подписания Заявления о присоединении к настоящему Договору (далее по тексту - Заявление).

Подписание Клиентом Заявления к настоящему Договору означает присоединение Клиента к настоящему Договору в целом.

1.2. На основании подписанного Клиентом Заявления и настоящего Договора, Банк открывает Клиенту текущий счет (счета) (далее по тексту все или в отдельности в зависимости от контекста именуемые - Счет) и выполняет операции по Счету (Счетам), предусмотренные законодательством Республики Казахстан и установленными в соответствии с ним банковскими правилами, применяемыми в

Ашылатын ағымдағы шоттың нөмірі, шоттың валютасы Банктің Өтінішті қабылдағаны туралы белгісінде көрсетіледі.

Клиент Өтініштің (Өтініштердің) негізінде Шарт аясында бір немесе бірнеше ағымдағы шот ашуға құқылы. Бұл кезде Шарттың талаптары Клиент тарапынан ашылатын әрбір Шотқа қатысты қолданылады.

1.3. Тараптар динамикалық сәйкестендіру (бірреттік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы оның электрондық банктік қызмет көрсету туралы құқығын растау мақсатында түпнұсқалығын белгілеу процедурасы) немесе электрондық цифрлық қол қою арқылы немесе Банктің құрылымдық бөлімшесінде Өтінішке қол қойған сәттен бастап Шарт жасалған болып есептеледі.

## **2. ШОТТЫ БАСҚАРУДЫҢ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ**

2.1. Клиент Банктің шотындағы (шоттарындағы) ақшаны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген тәртіппен және тәсілмен басқарады.

2.2. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында немесе осы Шартта басқа жағдай көзделмесе, Банктің Клиенттің ақшаны пайдалану бағыттарын анықтауға және бақылауға және Клиенттің ақшаны өз бетінше басқару құқығына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген басқа шектеулерді орнатуға құқығы жоқ.

2.3. Шартқа сәйкес Банктегі Шоттағы (шоттардағы) ақшаны басқару құқығын:

- заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері үшін Клиенттің басшысы;
- жеке кәсіпкерлер, шаруа (фермерлік) қожалықтары, жеке нотариустар, адвокаттар, кәсіби медиаторлар, жеке сот орындаушылары үшін Клиенттер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиент уәкілеттік берген өзге тұлғалар пайдалана алады.

2.4. Клиент осы Шартқа қол қоя отырып, Банкке алдын ала хабарламай және Клиенттің қосымша келісімін алмай, акцептсіз тәртіппен, оның Шотын немесе Банкте ашылған басқа банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы, оларда ақша болмаған немесе жеткілікті болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының немесе тиісті шет мемлекеттің заңнамасы бойынша төлем құжатына Клиенттің

банковской практике.

Номер открываемого текущего счета, валюта счета указываются в отметке Банка о принятии Заявления.

Клиент вправе открыть один или несколько текущих счетов в рамках Договора на основании Заявления (Заявлений). При этом, условия Договора распространяются на каждый открываемый Клиентом Счет.

1.3. Договор считается заключенным с момента подписания сторонами Заявления посредством динамической идентификации (процедура установления подлинности с целью однозначного подтверждения его прав на получение электронных банковских услуг путем использования одноразового (единовременного) кода) или Электронно- цифровой подписью либо в структурном подразделении Банка.

## **2. ПОРЯДОК И УСЛОВИЯ РАСПОРЯЖЕНИЯ СЧЕТОМ.**

2.1. Клиент распоряжается деньгами, находящимися на Счете (-ах) в Банке в порядке и способами, предусмотренными действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Договором.

2.2. Банк не вправе определять и контролировать направления использования денег Клиентом и устанавливать другие, не предусмотренные законодательством Республики Казахстан ограничения его права распоряжаться деньгами по своему усмотрению, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан или настоящим Договором.

2.3. Правом распоряжения деньгами, находящимися в Банке на Счете(-ах) в соответствии с Договором пользуется:

- для юридических лиц, филиалов и представительств юридических лиц - руководитель Клиента;
- для индивидуальных предпринимателей, крестьянских (фермерских) хозяйств, частных нотариусов, адвокатов, профессиональных медиаторов, частных судебных исполнителей – Клиент;
- иные лица, уполномоченные Клиентом в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

2.4. Подписанием настоящего Договора Клиент дает Банку право, без предварительного уведомления и дополнительного согласия Клиента в безакцептном порядке путем прямого дебетования его Счета или других банковских счетов открытых в Банке, в случае отсутствия денег на них либо их не достаточности, путем предъявления платежных документов,

қосымша акцепті талап етілмейтін төлем құжаттарын ұсыну рұқсат етілген кезде, Клиенттің Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жердегі кез келген басқа банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда) ашылған кез келген банктік шоттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген төлем құжаттарын ұсына отырып, Клиенттің кез келген шоттарынан ақша сомаларын кез келген валютамен Банктің алдындағы берешек мөлшерінде өндіріп алу (есептен шығару) құқығын береді.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### 3.1. Банктің міндеттері:

3.1.1. Клиент қажетті құжаттарды берген кезде Клиентке шот (шоттар) ашу;

3.1.2. Клиентке жеке сәйкестендіру кодын (Шоттың (шоттардың) нөмірін) беру;

3.1.3. Шотты (шоттарды) ашқаны және жапқаны туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен уәкілетті органға хабарлау;

3.1.4. Клиенттің ақшасының сақталуын қамтамасыз ету;

3.1.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілетін операциялардың банктік құпиясын сақтау;

3.1.6. Клиенттің Шотына (шоттарына) ақша салу және Шотынан (шоттарынан) ақшаны есептен шығару бойынша операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асыру;

3.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Клиенттің ақшасын алып қою және Клиенттің шоты (шоттары) бойынша операцияларды уақытша тоқтату туралы үшінші тұлғалардың нұсқауларын/талаптарын орындау;

3.1.8. Клиентке және оның сенімді тұлғаларына олардың талап етуі бойынша Шоттан (шоттардан) үзінді көшірмелер және олардың қосымшаларын қағаз тасымалдаушы арқылы ұсыну, сондай-ақ Клиентке оның жазбаша өтініші негізінде байланыстың басқа арналары арқылы Шоттың (шоттардың) жағдайы туралы ақпарат беру;

3.1.9. Қазақстан Республикасы заңнамасының есеп айырысу қызметін көрсетуге және кассалық операцияларды жүргізуге қатысты талаптарын орындайды;

3.1.10. Клиент Банкке тікелей хабарласқан сәттен бастап операциялық күн ішінде олардың орындалғаны туралы белгі қойып (қажет болған

предусмотренных законодательством РК, к любым банковским счетам Клиента, открытым в любых других банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций) на территории Республики Казахстан и за ее пределами, в случаях, когда законодательством Республики Казахстан или соответствующего иностранного государства допускается предъявление платежных документов, не требующих дополнительного акцепта Клиента к такому платежному документу, изымать (списывать) в любой валюте суммы денег с любых счетов Клиента, в размере имеющейся задолженности перед Банком.

### **3. ПРАВА И ОБЯЗАТЕЛЬСТВА СТОРОН**

#### 3.1. Банк обязан:

3.1.1. открыть Клиенту Счет (-а) при предоставлении Клиентом необходимых документов;

3.1.2. присвоить Клиенту индивидуальный идентификационный код (номер Счета(-ов));

3.1.3. уведомить уполномоченный орган об открытии и закрытии Счета(-ов) в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан;

3.1.4. обеспечивать сохранность денег Клиента;

3.1.5. сохранять банковскую тайну операций в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;

3.1.6. осуществлять операции по зачислению и списанию денег со Счета(-ов) и на Счет(-а) Клиента в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан;

3.1.7. исполнять указания/требования третьих лиц об изъятии денег Клиента и приостановлении операций по счету (-ам) Клиента, в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан;

3.1.8. предоставлять Клиенту и его доверенным лицам по их требованию выписки по Счету(-ам) и приложения к ним на бумажных носителях, а также предоставлять Клиенту информацию о состоянии Счета(-ов) по иным каналам связи, на основании письменного заявления Клиента;

3.1.9. соблюдать требования законодательства Республики Казахстан по вопросам расчетного обслуживания и ведения кассовых операций;

3.1.10. предоставлять платежные документы по Счетам (-у) с отметкой об их исполнении (при необходимости) в течение операционного дня с

жағдайда), шоттар (шот) бойынша төлем құжаттарын ұсыну;

3.1.11. тарифтердің және осы Шарт бойынша қызмет көрсетудің өзге талаптарының өзгеруі туралы Банктің операциялық залдарында, [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) интернет ресурсына және басқа байланыс арналары арқылы сәйкес хабарландыру орналастыру арқылы енгізілген өзгерістер туралы Клиентке хабарлау.

3.1.12. Қате көрсетілген нұсқау немесе заңсыз жасалған төлем болған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық қажетті іс-шараларды жүргізу.

### 3.2. Клиенттің міндеттері

3.2.1. Банктің және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Шот (шоттар) ашу үшін қажетті құжаттарды Банкке тапсыру;

3.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде есеп айырысу қызметі мен кассалық операцияларды жүргізу мәселелеріне қатысты талаптарын, сондай-ақ Шотқа (шоттарға) қызмет көрсету бойынша Банк белгілеген талаптарды орындау;

3.2.3. қолма-қол ақша алу үшін оны алатын күннен бір жұмыс күні бұрын өтінім жасау;

3.2.4. операция жүргізу үшін қажетті ақшаның Шотта (шоттарда) болуын қамтамасыз ету және Банктің тарифтеріне сәйкес операция жүргізу үшін Банкке сыйақы төлеу;

3.2.5. Банкке келесі сомалар бойынша алдағы (шығыс) сыртқы ақша аударымдары туралы:

- 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеден жоғары сомалар бойынша сағат 11-30 дейін (Астана уақытымен) ұлттық валютамен;

- шетел валютасымен 1 000 000 (бір миллион) АҚШ долларынан жоғары және 500 000 (без жүз мың) еуродан жоғары сомалар бойынша сағат 15-00 дейін (Астана уақытымен) хабарлау.

3.2.6. Банктің сауалы бойынша шот (шоттар) бойынша ақша қаражатының қалдығын растау;

3.2.7. Банкке барлық төлем деректемелері, өзінің атауы, орналасқан жерінің өзгергені туралы, нақты мекенжайының, байланыс құралдарының нөмірлері мен атауларының және басқа деректемелерінің өзгергені туралы, шоттағы (шоттардағы) ақшаны басқаруға (оның ішінде сенімхат негізінде) құқығы бар тұлғалардың ауысуы туралы, сондай-ақ құрылтайшы/тіркеуші құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау жөнінде (соның ішінде сот арқылы) жоғарыда көрсетілген жағдайлардың кез келгені пайда болған сәттен бастап екі күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлау;

момента непосредственного обращения Клиента в Банк;

3.1.11. уведомлять Клиента об изменении Тарифов и иных условий обслуживания по настоящему Договору путем размещения соответствующих объявлений в операционных залах Банка, на интернет-ресурсе [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) и через иные каналы связи.

3.1.12. В случае наличия ошибочного указания или несанкционированного платежа провести все необходимые мероприятия предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.

### 3.2. Клиент обязан:

3.2.1. предоставить Банку необходимые документы для открытия Счета(-ов) в соответствии с требованиями Банка и законодательства Республики Казахстан;

3.2.2. соблюдать требования законодательства Республики Казахстан, в том числе по вопросам расчетного обслуживания и ведения кассовых операций, а также требования, установленные Банком по обслуживанию Счета(-ов);

3.2.3. для получения денежной наличности предоставить заявку не позднее, чем за один рабочий день до дня ее получения;

3.2.4. обеспечить наличие денег на Счете (-ах), необходимых для проведения операции и уплаты Банку вознаграждения за проведение операций в соответствии с тарифами Банка;

3.2.5. информировать Банк о предстоящих (исходящих) внешних переводах по суммам:

- в национальной валюте свыше 3 000 000 000 (трех миллиардов) тенге до 11-30 часов (время Астаны);

- в иностранной валюте свыше 1 000 000 (одного миллиона) долларов США и свыше 500 000 (пятьсот тысяч) евро до 15-00 часов (время Астаны).

3.2.6. по запросу Банка подтверждать остатки денежных средств по счету (-ах);

3.2.7. письменно информировать Банк обо всех изменениях платежных реквизитов, своего наименования, об изменении места нахождения, фактического адреса, номеров и названий средств связи и других реквизитов, о смене лиц, имеющих право распоряжения деньгами, находящимися на счете(-ах) (в том числе на основании доверенности), а также о внесении изменений и дополнений в учредительные/регистрационные документы, принятия решения (в том числе судом) о реорганизации или ликвидации в течение двух календарных дней с момента возникновения любого из вышеуказанных обстоятельств;

3.2.8. жойылған және жоғалған чектер, чек кітапшалары, чекке қол қоюға уәкілетті тұлғалардың және/немесе чек/шығыс ордері бойынша қолма-қол ақшаны алуға уәкілетті тұлғалардың құрамының өзгергені туралы Банкке дереу хабарлау және шотты (шоттарды) жапқан кезде пайдаланылмаған чектермен ақша чек кітапшасын Банкке қайтару;

3.2.9. Мобильді телефон нөмірінің және/немесе электрондық поштаның өзгергені немесе жоғалғаны туралы Банкке дереу хабарлау.

3.2.10. Банк көрсеткен қызмет үшін осы Шарттың 4-тарауында белгіленген тәртіпте төлем жасау;

3.2.11. Клиент белгілеген кезеңде, бірақ кем дегенде айына 1 (бір) рет Шот (шоттар) бойынша ақша қозғалысы мен қалдығы туралы үзінді көшірме алып тұру;

3.2.12. Клиенттің Шотына (шоттарына) ақшаны қателесіп салу факті анықталған жағдайда, Банкке Шот (шоттар) бойынша үзінді көшірме алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлау және Банкке қателесіп салынған ақшаны дереу қайтарып беру;

3.2.13. нотариат куәландырған немесе банктің уәкілетті тұлғасы куәландырған қол қою үлгілері және мөр бедері көрсетілген уақытша/жаңа құжатты ұсына отырып, қол қою үлгілері және мөр бедері көрсетілген құжатқа енгізілген тұлғаның жеке қатысуымен Банкке Клиенттің атауының өзгергені туралы, мөрдің жоғалғаны, тозғаны туралы жазбаша хабарлау;

3.2.14. төлем құжатының дұрыс орындалуын анықтау, заңсыз төлем құжаты орындалған жағдайда, Банкке бұл туралы оны анықтағаннан кейін 3 (үш) операциялық күн ішінде хабарлау.

3.2.15. Банктің құрылымдық бөлімшелері немесе телефондық анықтама қызметі, сондай-ақ [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) интернет ресурсы арқылы Банк тарифтерінің өзгергені туралы өз бетінше біліп тұру.

3.2.16. Банктің құрылымдық бөлімшелерінен, сондай-ақ [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) интернет ресурсы арқылы Шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы өз бетінше біліп тұру.

3.2.17. Арналар арқылы Банктен уақытылы хабарлама алу мақсатында Клиенттің шартты бұзу туралы хабарламасын уақытылы алу үшін банктің арналарын пайдалану және Шотта 1 (бір) жылдан асатын уақыт ішінде ақшаның болмауы мерзімдерін өз бетінше тексеру. Клиент клиентті сәйкестендіру нөмірін (клиенттің атауы, өнімнің түрі) енгізген кезде, ақпаратты арналарға орналастыруға келісім береді.

Осы арқылы өзімнің алдын ала берген келісімімен

3.2.8. незамедлительно уведомить Банк об утраченных или украденных чеках, чековых книжках, изменениях состава лиц, уполномоченных подписывать чек и/или лиц, уполномоченных получать наличность по чеку/расходному ордеру и при закрытии счета(-ов) возвратить Банку денежную чековую книжку с неиспользованными чеками;

3.2.9. незамедлительно уведомить Банк об изменении либо утери номера мобильного телефона и / или электронной почты.

3.2.10. оплачивать стоимость услуг Банка в порядке, установленном разделом 4 настоящего Договора;

3.2.11. получать выписки о движении и остатках денег по Счету (-ам) с периодичностью, определяемой Клиентом, но не реже 1 (одного) раза в месяц;

3.2.12. письменно уведомлять Банк в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня получения выписки по Счету(-ам) в случае установления факта ошибочности зачисления денег на его счет (-а), и незамедлительно возвратить ошибочно зачисленные деньги Банку;

3.2.13. письменно уведомить Банк о переименовании Клиента, об утере, износе печати с предоставлением временного/нового документа с образцами подписей и оттиска печати заверенного нотариально либо уполномоченным лицом банка при личном присутствии лиц, внесенных в документ с образцами подписей и оттиска печати;

3.2.14. определять правильность исполнения платежного документа и, в случае исполнения несанкционированного платежного документа, сообщить Банку об этом в течение трех операционных дней после его обнаружения.

3.2.15. самостоятельно узнавать об изменении тарифов Банка в структурных подразделениях или по телефонам справочной службы Банка, а также на интернет-ресурсе [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz);

3.2.16. самостоятельно узнавать о внесенных изменениях и дополнениях в Договор в структурных подразделениях Банка, а также на интернет-ресурсе [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz).

3.2.17. пользоваться каналами банка для получения своевременного уведомления клиента о расторжении договора и самостоятельно отслеживать сроки отсутствия денег на счете более 1 года в целях своевременного получения уведомления от банка по каналам. Клиент дает свое согласие на размещение информации в каналах при воде идентификационного номера клиента: наименование клиента, тип продукта.

Настоящим подтверждаю, что осознаю риск по

осы тармақшаға сәйкес ашық байланыс арналары арқылы Банк жолдайтын ақпаратты үшінші тұлғалардың алу тәуекелін түсінетінімді растаймын және осындай тәуекелді өзіме қабылдаймын.

3.2.18. Шоттарға «он-лайн» бронь жасау туралы өтініштерді толтырған кезде көрсетілген мобильді телефон нөміріне (SMS-хабарлама) және/немесе электрондық поштаға хабарлама жіберу арқылы Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес базалардан ұйымдардың құжаттарына қол қоюға құқығы бар уәкілетті тұлғалардың, заңды тұлғаның қатысушыларының, құрылтайшыларының және бенефициарлық меншік иелерінің дербес және/немесе басқа деректерін жинауына және өңдеуіне өз бетінше немесе телефонмен хабарласу арқылы және/немесе электрондық түрде келісім беру.

### 3.3. Банктің құқықтары:

3.3.1. Клиенттің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын (соның ішінде валюталық), банктік ережелерді, есеп айырысу құжаттарын ресімдеу, төлем құжаттарын жасау техникасын және оларды Банкке ұсыну мерзімін бұзғанын растайтын фактілер болған жағдайда, сондай-ақ егер Клиенттің нұсқаулары және/немесе оған қатысты құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және/немесе Шот бойынша операция жүргізуге тыйым салуға және/немесе шектеу қоюға құқылы уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдеріне қайшы келсе, есеп айырысу және кассалық операцияларды жүргізбеу;

3.3.2. осы Шарт бойынша Банк көрсеткен қызметтің ақысын төлеу бойынша Клиенттің берешегі болған жағдайда, Клиенттің нұсқауларын орындамау;

3.3.3. Клиенттен операцияның нақты деректерін анықтайтын қажетті қосымша құжаттарды немесе Клиенттің қызметі Шот (шоттар) бойынша операция жүргізу және басқа банктік қызметтерді ұсыну кезінде қылмыстық жолмен немесе терроризмді қаржыландыру арқылы алынған ақшаны заңдастыруға (жылыстатуға) байланысты емес екендігін анықтауға мүмкіндік беретін басқа құжаттарды талап ету;

3.3.4. Клиенттен ақша қаражатының қалдығын растауды талап ету;

3.3.5. шетел валютасымен жасалатын аударымдарды:

- бір операциялық күн ішінде бір банкте ашылған банктік шоттар арасында;

- халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын үш операциялық күн ішінде орындау.

3.3.6. Банк көрсеткен қызметтің ақысын, сондай-ақ Шотқа (шоттарға) қателесіп салынған ұлттық және/немесе шетелдік валютадағы (шот валютасына

моему предварительному согласию получения третьими лицами информации, направляемой Банком по открытым каналам связи, в соответствии с настоящим подпунктом, и принимаю на себя такой риск.

3.2.18. самостоятельно либо посредством телефонных обращений и /или в электронном виде на номер мобильного телефона (SMS-сообщений) и / или электронной почты, указанных при заполнении заявки на «он-лайн» бронирование счета предоставить Банку согласие на сбор и обработку с государственных и не государственных баз персональных и/или иных данных от уполномоченных лиц, обладающих правом подписи на документах организации, от участников, учредителей и бенефициарных собственников юридического лица.

### 3.3. Банк имеет право:

3.3.1. не осуществлять расчетные и кассовые операции при наличии фактов, свидетельствующих о нарушении Клиентом законодательства Республики Казахстан (в том числе валютного), банковских правил, техники оформления расчетных документов, составления платежных документов, сроков их представления в Банк, а также, если указания Клиента и/или предоставляемые по нему документы, противоречат требованиям законодательства Республики Казахстан и/или решениям уполномоченных государственных органов, имеющим право устанавливать запреты и/или ограничения на проведение операций по Счету;

3.3.2. не исполнять указания Клиента при наличии задолженности Клиента по оплате услуг Банка по настоящему Договору;

3.3.3. требовать от Клиента необходимые дополнительные документы, уточняющие детали операции либо иные документы, позволяющие определить, что деятельность Клиента не связана с легализацией (отмыванием) денег, полученных преступным путем или финансированием терроризма при проведении операций по счету (-ам) и предоставлении иных банковских услуг;

3.3.4. требовать от Клиента подтверждения остатков денежных средств;

3.3.5. исполнять переводы в иностранной валюте:

- между банковскими счетами, открытыми в одном банке в течение одного операционного дня;

- международные платежи и (или) переводы денег в течение трех операционных дней.

3.3.6. производить в беспорядном порядке списание денег со всех Счетов Клиента за оказанные Банком услуги, а также ошибочно

тәуелсіз) ақшаны және осы Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда, Клиенттің барлық Шоттарынан даусыз тәртіппен ақшаны есептен шығару және бұл туралы кейіннен Клиентке хабарлау;

3.3.7. түзетулер енгізілген, тазартып өшірілген, сызылған, сондай-ақ басқа да көрінетін жасандылық белгілері бар төлем құжаттарын орындауға қабылдамау;

3.3.8. криптовалютаға байланысты төлем құжаттарын орындауға қабылдамау және банктік операцияларға тосқауыл қою;

3.3.9. Техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда, төлемдердің қайтарылғаны және ақша қаражаттарының аударылғаны туралы ақпаратты СМС-хабарлама және/немесе электрондық пошта арқылы жіберу;

3.3.10. Қазақстан Республикасының заңнамасының күшіне байланысты Шоттағы (шоттардағы) ақшаға тыйым салуға немесе есеп айырысу операцияларын тоқтату құқығы бар уәкілетті органдардың сәйкес шешімдерінің (қаулыларының, өкімдерінің және т.б.) негізінде Клиенттің Шоты (шоттары) бойынша шығыс операцияларын тоқтату немесе Шотындағы (шоттарындағы) ақшаға тыйым салу;

3.3.11. егер Клиент операция туралы түпкілікті ақпарат көрсетілетін растау құжаттарын және шотқа қызмет көрсету үшін талап етілетін басқа құжаттарды беруден бас тартса, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы заңына сәйкес ақшамен операциялар жүргізбеу, сонымен қатар олардың жүргізілуін тоқтату;

3.3.12. уәкілетті органдардың Шоттағы (шоттардағы) ақшаға тыйым салу немесе Шот (шоттар) бойынша шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімдерінің (қаулыларының, өкімдерінің және т.б.) күшін жою туралы сәйкес жазбаша құжаттардың негізінде Шот (шоттар) бойынша операция жүргізуді қайта жалғастыру;

3.3.13. үшінші тұлғалардың нұсқауы бойынша Клиенттің Шотынан (шоттарынан) ақшаның Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес есептен шығарылуын жүзеге асыру;

3.3.14. Банк қызметінің Тарифтеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Банктің қызметіне жаңа тарифтер енгізу және бұл туралы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке ала отырып, Банктің [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz) интернет ресурсына орналастыру немесе Банктің операциялық залдарында хабарландыру жариялау және басқа

зачисленных на Счет (-а) денег, в национальной и/или иностранной валюте (независимо от валюты счета), и в иных случаях, предусмотренных настоящим Договором и законодательством Республики Казахстан, с последующим уведомлением об этом Клиента;

3.3.7. не принимать к исполнению платежные документы с исправлениями, подчистками, зачеркиваниями, а также иными видимыми признаками подделки;

3.3.8. не принимать к исполнению платежных документов и блокировать банковские операции, связанные с криптовалютами;

3.3.9. в случае отсутствия технической возможности посредством СМС - уведомления и/или через электронную почту направить информацию о возврате платежей и переводов денежных средств;

3.3.10. приостанавливать операции по Счету(-ам) или производить арест денег на счете(-ах) Клиента на основании соответствующих решений (постановлений, распоряжений и т.д.) уполномоченных органов, обладающих в силу законодательства Республики Казахстан правом приостановления расходных операций или наложения ареста на деньги, находящиеся на Счете (-ах);

3.3.11. не проводить, а также приостановить операций с деньгами в соответствии с Законом Республики Казахстан от 28 августа 2009 года «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма» в случае если Клиент отказывается предоставить подтверждающие документы уточняющие детали операции и иные документы требуемые для обслуживания счета;

3.3.12. возобновить операции по Счету (-ам) на основании соответствующих письменных документов уполномоченных органов об отмене решений (постановлений, распоряжений и т.д.) о наложении ареста на деньги, находящиеся на Счете (-ах) или приостановления расходных операций по Счету(-ам);

3.3.13. осуществлять списание денег со Счета(-ов) Клиента по указаниям третьих лиц в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан;

3.3.14. вносить изменения и дополнения в Тарифы на услуги Банка, вводить новые Тарифы на услуги Банка и уведомлять об этом Клиента путем размещения Тарифов с учетом внесенных изменений и дополнений на интернет – ресурсе Банка по адресу [www.bcc.kz](http://www.bcc.kz), через объявления в операционных залах Банка и иные каналы связи.

байланыс арналары арқылы Клиентке хабарлау. Мұндай жағдайда, ақпарат жоғарыда көрсетілген тәсілдермен жарияланған сәттен бастап Банк Клиентке тиісті дәрежеде хабарлаған және Клиент тарифтерге және банктік қызмет көрсетудің өзге талаптарына енгізілген түзетулермен келіскен болып есептеледі.

3.3.15. осы Шарттың 7.6-тармағында көзделген тәртіппен осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

3.3.16. Клиенттің атауы өзгерген, мөрі жоғалған немесе тозған жағдайда, Клиенттің төлем құжаттарын осы Шарттың 3.2.13.-тармақшасына сәйкес нотариат куәландырған немесе банктің уәкілетті тұлғасы куәландырған қол қою үлгілері және мөр бедері көрсетілген уақытша/жаңа құжатты ұсынған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде мөрсіз қабылдау;

3.3.17. Банк Клиенттен шоты (шоттары) бойынша операция жасалған сәттен бастап 35 (отыз бес) күнтізбелік күн ішінде шағым алмаған жағдайда, операция расталған және Клиент болашақта ешқандай шағым қоймайды деп есептеледі.

3.3.18. Шотта (шоттарда) 1 (бір) жылдан асатын уақыт ішінде ақша болмаған жағдайда Шотқа қатысты орындалмаған талаптардың болуына қарамастан Шотты жабу болжанған күннен 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын АТМ-де, АТТ-да, АДМ-да, мобилтді қосымшада, Интернет-банкинг жүйесінде, СМС (бұдан әрі – арналар), push-хабарлама, Клиенттің электрондық поштасына Шотты (шоттарды) жабу туралы хабарлама орналастыру арқылы Клиенттің Шотты (шоттарды) жабу туралы өтінішін алмай-ақ шотты жабу. Шотта ақша болмаған кезде және хабарламада көрсетілген мерзім аяқталған кезде Банк клиенттің шотын / шоттарын жабады.

Бұл хабарлама Клиентке хабарлау үшін жеткілікті және тиісті дәрежеде жасалған болып танылады және Клиент оған келісетінін растайды.

3.3.19. барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес деректер базасынан заңды тұлғаның басшылары, қатысушылары және бенефициарлық меншік иелері бойынша, оның ішінде жеке кәсіпкерлер және банктік қызмет көрсету (банктік шоттар ашу, жүргізу және жабу) процесіне жұмылдырылған жеке тәжірибемен айналысатын тұлғалар бойынша мәліметтер алу.

#### 3.4. Клиенттің құқықтары:

3.4.1. Банктегі Шотындағы (шоттарындағы) ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және тәсілдермен өз бетінше басқару;

3.4.2. Банк белгілеген Операциялық күн ішінде

В этом случае Клиент считается надлежаще информированным Банком и согласен с поправками, внесенными в Тарифы и иные условия банковского обслуживания с момента опубликования информации вышеуказанными способами.

3.3.15. вносить изменения и дополнения в настоящий Договор в порядке, предусмотренном п. 7.6. настоящего Договора.

3.3.16. в случае переименования Клиента, утери или износа печати принимать платежные документы Клиента без печати в течение 15 (пятнадцати) календарных дней со дня предоставления временного/ нового документа с образцами подписей и оттиска печати заверенного нотариально либо уполномоченным лицом банка согласно подпункту 3.2.13 настоящего Договора;

